



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№46 (902) Сәрсенбі 13 қараша 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

http://www.qsip.kz/

http://www.instagram.com/eltilegigazeti

http://www.facebook.com/eltilegigazeti

НӨМІР НӘЛІ

14108

Қызылорда қаласы
бойынша жыл басынан бері
осынша сәби дүниеге келген

КӨЛІК МИНИСТРІ СЫР ЕЛІНДЕ

ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келіп, аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарды көрді, тұрғындармен кездесті.



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев алдымен сол жағалаудағы жаңадан ашылған автовокзал жұмысымен таныстырды. Жаңа автовокзал - халықтың талап-тілегі мен сұранысына сай салынған жаңа нысан. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай қарастырылған.

Жолаушылар осы жерден халықаралық және түрлі бағыттағы 38 бағытқа сапарға шыға алады. Тәулігіне 200 жолаушыға қызмет көрсетілетін ғимарат аумағына жолаушыларды түсіруге арналған 6, сапарға шығатындарға арналған 11 перрон жасалған. Автобустарға арналған қосымша 30 орындық автотұрақ бар. Әрі қарай министр жолаушылар тасымалы қызметін одан әрі жетілдіруде, қоғамдық көлік мәселесін шешуде атқарылған жұмыстармен танысты. «Экотакси» қызметін ұйымдастыру үшін «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-не «JAC EJ7» маркалы 100 электромобиль сатып алынды. Бүгінде 52 электромобиль қала тұрғындары мен қонақтарына күнделікті қызмет көрсетуде, 48 көлікті мемлекеттік тіркеу жұмыстары жүргізілуде. Электромобильдер

үшін «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-нің базасында 5 қуаттағыш қондырғы, «Qazaq Energy Charge» компаниясы қаланың бірнеше жерінде қуаттау бекеттерін орналастырған. 2022-2024 жылдары Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешу үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы табиғи газбен жүретін 300 «Yutong ZK6852 HG» автобусы алынды.

Мұнан бөлек, министр «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» жолының жалпы ұзындығы – 424 шақырым, ал Қызылорда облысының аумағындағы бөлігі – 216 шақырым. Қазір құрылыс жұмыстары 65% аяқталып, жыл соңына дейін 140 шақырым жолды пайдалануға беру жоспарланған. Негізі аталған автомобиль жолының құрылыс кезеңі 2022-2026 жылдар аралығын қамтиды.

Марат Қарабаев «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту республикалық маңызы бар жоба екенін, құрылысты сапалы жүргізудің маңызын атап өтті.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

«ҚОРҚЫТ АТА» ӘУЕЖАЙЫ ЕЛ ИГІЛІГІНДЕ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата» әуежайында жаңа терминалдың ашылуына қатысты.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде іске асырылған жоба өңірдің сауда-экономикалық, туристік әлеуетін дамытуға және халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер ететін көлік қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Жаңа терминалды іске қосу әуе айлағының өткізу мүмкіндігін 7 есеге – жылына 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін арттырады. Жаңартылған «Қорқыт Ата» терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

«Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында көлік-логистикалық секторды дамыту стратегиялық басымдық деп атады. «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы – өңір үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызды инфрақұрылымдық жоба. Оны іске асыру қосымша әуе бағыттарды, оның ішінде халықаралық бағыттарды ашуға, транзиттік әлеуетті, жолаушылар мен жүк ағынын ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл ішкі туризмнің, сауданың және тұтастай экономиканың дамуына оң әсер етеді.

Үкімет бизнестің заманауи, сапалы көлік-логистикалық инфрақұрылымды салу жөніндегі



әлеуметтік бағдарланған бастамаларын толық қолдайтын болады – бұл біздің еліміздің болашағына қосылған үлес», - деп атап өтті Олжас Бектенов және жобаның іске қосылуын қысқа мерзімде қамтамасыз еткендердің барлығына алғысын білдірді.

Үкімет басшысы ішкі және халықаралық рейстердің жолаушыларына қызмет көрсету үдерісімен танысты. Ауданы 7 500 шаршы метр терминал телескопиялық баспалдақтар, қол жүгін тексерудің автоматтандырылған жүйесі және басқа да озық технологиялармен жабдықталған. Жобаны іске асыруға Болат Өтемұратов қоры әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде 20,9 млрд теңге инвестиция салды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға, автожол салуға,

әуежай аумағын абаттандыруға және жарықтандыруға 4,3 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді.

«Қорқыт Ата» Әуежайы» АҚ басқарма төрағасы Баян Ажмолдаев өңірдегі жыл сайын өсіп келе жатқан жолаушылар ағынын ескере отырып, терминалдың уақтылы іске қосылғаны туралы хабарлады. Мәселен, биылғы 9 айда әуежайда 265 мың жолаушыға қызмет көрсетілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға артық. Аптасына 26 ішкі рейс жүзеге асырылады (17-сі Астанаға, 9-ы Алматыға). Осы жылдың маусым айында Анталья (Түркия) қаласына халықаралық чартерлік рейс іске қосылды.

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов Ақтау және Атырау қалаларында қосымша рейстер ашу, сондай-ақ «Қызылорда-

Көкшетау», «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Қарағанды» сияқты әуе бағыттарды әлеуметтік маңызы бар рейстер тізбесіне енгізу жоспары туралы баяндады.

Өңір жұртшылығы атынан сөз сөйлеген Қызылорда облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жаңартылған әуежайда жолаушылардың барлық санаттары үшін жасалған қызмет сапасы мен қолайлы жағдайларды жақсартудың маңызына тоқталды.

«Қызылорда облысы арқылы біз өңірлерді мемлекет тарапынан қолдау шараларының оң нәтижелерін көріп отырмыз. Бүгін біздің жерлестеріміздің арманы орындалды – жаңа әуежай терминалы ашылды. Мемлекет басшысына өңірге ерекше көңіл бөлгені үшін алғыс білдіргім келеді, бұл барлық салада өсуге ықпал етеді», - деді Серік Дүйсенбаев.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ



Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына арналған салтанатты шара өтті.

Оған Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, барлық деңгейдегі мәслихат төрағалары мен депутаттары, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты. Аймақ басшысы жиналған қауымдық Қазақстан мәслихаттарының

30 жылдығымен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне тоқталды. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен соңғы жылдары елімізде аса маңызды саяси реформалар жүзеге асып, жемісін беруде. Бүгінгі күні Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында

облысымыздың бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Осыдан екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын. Өсім 204,4 пайызды құрады. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалуда. Биыл 43 млрд теңгеден астам қаржыға 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары жөндеуде. Соңғы үш жылда 1271 шақырым жол қайта жөндеуден және жаңғыртудан өтті. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады. Электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 20 млрд теңгеге 60 жоба жүзеге асып, биылдың өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынған. Бұл электр желілерінің тозу деңгейін 62 пайызға төмендетеді. Ал, халықты табиғи газбен қамту деңгейі 75 пайыз. Өңірдегі барлық қала мен аудан орталықтары, 29 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылған. Биыл газдандыру жобаларына 30 млрд. 500 млн. теңге қаржы бөлінді. Аталған қаржыға 306 шақырым газ желілері салынды. Бұл 20 мыңнан астам халқы

бар 17 елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамту бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылдан бері облыс аумағында 16 млрд 800 млн теңгенің 55 жобасы жүзеге асты. Халықты орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі жыл аяғына дейін 98,6 пайызға жетеді.

«Әділетті Қазақстанды құру – баршамызға ортақ міндет. Президентіміздің алға қойған міндеттерін бірлесіп іске асыра берейік! Егемендігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Мереке құтты болсын!», - деді Н.Нәлібаев.

Жиын соңында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, ел мүддесі жолында атқарған еңбегі үшін қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары Парламент Сенаты төрағасының Алғыс хатымен, Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және «Қазақстан мәслихаттарына – 30 жыл» төсбелгісімен марапатталды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ӘННЕН ЖАУҺАР ЖАУҒАН КҮН



Қызылордадағы «Өнер орталығында» «Руханият жылы» аясында композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Төлеген Мұхамеджанов пен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан және Татарстан Республикасының Халық әртісі Нұржамал Үсенбаеваның «Мен сенімен кездестім» атты шығармашылық кеші өтті. Шығармашылық кешті облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қала және аудандардан келген өнерсүйер қауым тамашалады.

Концертті Мүсілім Әмзенин, Кеулімжай Ботабаевтың дирижерлігімен облыстық симфония оркестрі сүйемелдеп, Төлеген Мұхамеджановтың «Астана» симфониялық картинасы орындалды. Н.Үсенбаева жеке дауыста және Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжнің аралас хорымен бірге шетел композиторларының оперетталарынан ариялар, халық әндерін шығарды.

Концертте композитордың қазақ ән өнерінің қорына қосқан бай қазынасы – «Қимай сені барамын», «Іңкәрім-ай», «Мен деп ойла», «Аяулым», «Күс золь», тағы басқа әндері тыңдаушылар назарына ұсынылды. Сезім сырын, махаббат мұңын, ғашықтар үшін жеткізген әндер үшін кеш иелеріне көрермен қошеметі ерекше

болды. Концертте аймақ басшысының ықылас гүлі табысталды.

Айта кетейік, биыл Қызылорда облысында «Руханият жылы» жарияланып, өнер мен мәдениет саласында көптеген игі іс атқарылуда. Көпфункционалды 1000 орындық «Өнер орталығы» пайдалануға берілді. Көрермендерге концерттерді қасиби әрі жанды дауыста ұсыну үшін 50 өнерпаздар жасқалған симфония оркестрі құрылды. Өткен жылы еліміздің барша аналарының құрметіне Алаштың анасы – Сырдың театры, жастар театры, «Анаға тағзым» орталығы, заманауи би және хор ұжымы құрылған. Сыр мәдениетінің негізгі бреді – жыраулық дәстүр өкілдері көптен күткен Жыраулар үйі ашылып, жұмысын бастады.

Қызылорда қаласының сол жағалауынан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғимараты салына бастады. Барлық ауданда неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйін біріктіретін «Руханият» орталықтарының құрылысы қарқын алды. Бұл орталықтарда ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүр насихатталады.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Қызылорда облысына жұмыс сапары аясында Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде ауыл тұрғындарының әлеуметтік және тұрмыс сапасын жақсарту, АӨК дамыту арқылы экономиканы әртараптандыру, сондай-ақ тұрғындарға сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын жаңғырту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексерді.

Сырдария ауданы Бесарық ауылында Премьер-министр «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асырудың және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің табысты мысалдарымен танысты. «Абай Дәулет» ЖШС құрған өндірістік алаңда 318,2 млн теңгеге ауыл тұрғындарының 13 бизнес-бастамасы іске асырылуда. Жартылай фабрикаттар, пластикалық ыдыстар, ағаштан жасалған бұйымдар, тоқыма, кондитерлік өнімдер, сабын және басқа да өнімдер өндіретін цехтар ашылды. Олжас Бектенов ауыл тұрғындары шығаратын өнімдер желісімен танысты. Оң тәжірибені кеңінен тарату үшін облыстың әр ауданында кемінде 3-4 ауылда осындай бизнес-инкубаторлар ашу жұмыстары жүргізілуде. Қызылорда облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында биыл өңдеу өнеркәсібін, мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын және басқа да келешегі бар салаларда 610 жұмыс орнын ашқан 575 жоба іске асырылды.

«Kaz Fries» зауытында Премьер-министрге АӨК өнімдерін терең өңдеу саласындағы әлеуетті ашу шаралары таныстырылды. Кәсіпорынның қуаты сағатына 150 килоға дейін қуырылған картоп таяқшаларын өндіруге жетеді, дайын өнім мұздатқыш, ішкі нарықта сатылады. «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев өсімдік, құс, мал шаруашылықтарымен және құрылыс өнімдерін шығарумен айналысатын көпсалалы



компанияның өндірістік қуатын одан әрі кеңейту жоспарлары туралы хабарлар етті.

Серіктестік ауылдың дамуына үлкен үлес қосып келе жатқанын атап өткен жөн. 2018 жылдан бері компания бұл мақсаттарға 1,5 млрд теңгеден астам қаржы бөлді. Қаражат 360 орындық мектеп, 120 орындық балабақша және дәрігерлік амбулатория сияқты әлеуметтік нысандарды абағандыруға, қоғаландыруға, жөндеуге бағытталған. Демеушілік қолдау есебінен осы жылы 150 адамға арналған Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті.

Мұнда Президенттің бастамасымен жастарды отаншылдық, адамгершілік рухында тәрбиелеуге бағытталған «Адал адам» тұжырымдамасы іске асырылуда. Балалар үйірмелері ашылып, музыкалық шығармашылық ұжым құрылды. Сонымен қатар «Адал адам» мәдени орталығында подкаст-студия орнатылған, онда тікелей эфирде ауыл бизнесін дамытудың өзекті мәселелері талқыланады, көрермендерге жергілікті цехтарда өндірілген өнімдер таныстырылады.

Премьер-министр бизнестің ауылдық жерлердегі тұрмыс сапасын жақсартуға қосқан үлесі маңызды екенін атап өтті.

«Ауылды дамыту, нәтижелі жұмыспен қамтуды ынталандыру, сапалы әлеуметтік инфрақұрылым құру – Үкіметтің басым

міндеттерінің бірі. Осы бағытта біз кәсіпкерлердің барлық бастамасын қолдаймыз. Егер Қазақстандағы әрбір ауылда осы жерде бизнес ашатындар тарапынан жауапты қолдауға ие болса, халықтың тұрмыс сапасы да анағұрлым серпінді түрде жақсарары», – деп атап өткен Олжас Бектенов Бесарық ауылын дамыту тәжірибесін одан әрі кеңейту қажеттігіне тоқталды.

Қызылордада Премьер-министр бүгінде 200 жұмыс орны ашылған «Жан Арай» ЖШС агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік орындарын аралады. Кәсіпорын күріш, құрама жем өндірумен, жемістер мен көкөністерді өңдеу және сақтаумен айналысады. Мұнда қуаты тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіруге жететін және тәулігіне 150 тонна күріш өңдей алатын екі зауыт жұмыс істейді. Сонымен қатар сыйымдылығы 1,5 мың тонна болатын көкөніс қоймасы бар, бұл маусымаралық кезеңде әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кешен өнімдері Қазақстанда сатылады және Түркия, Ирак, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Өзэрбайжан, Беларусь және басқа да алыс-жақын шетелдерге экспортталады.

Олжас Бектенов облыс орталығында балаларды қосымша біліммен қамтуды арттыру бағытында атқарылып жатқан шаралармен танысты. Жеке инвестиция есебінен салынған

жаңа Оқушылар сарайы биыл қазан айында пайдалануға берілді. Жобаның құны – 2,4 млрд теңгеге құрайды. 350 адамға дейін сыятын әлеуметтік нысан әртүрлі жастағы оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін, гидропоника, робототехника, өнеркәсіптік дизайн, телестудия сынды басқа да жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұнда Премьер-министрге Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы шеңберінде Қызылорда облысында кәсіптік-техникалық білім беру және кадрлар даярлау жүйесін трансформациялау бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы ақпарат берілді. Өңірде 28 колледж жұмыс істейді, онда бүгінде 20 мыңнан астам студент білім алып жатыр, оның 5 мыңға жуығы жұмысшы мамандықтары бойынша оқиды.

2024-2025 оқу жылында облыстың барлық аудандарында 7 оқу-өндірістік комбинаты ашылды. Қысқармаздімі кәсіптік оқыту курстары 300-ге жуық адамды қамтыды. Алғашқы комбинат 2022 жылы қалалық мектеп-лицей базасында ашылған. Аспаз, тігінші, графикалық дизайнер және басқа да сұранысқа ие мамандықтар бойынша 164 маман бітірді. Алдағы уақытта тәжірибені кеңейту жоспарланып отыр.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Мемлекеттен берілетін қолдаудың арқасында өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының дамуында оң динамика қалыптасып отыр. Жыл басынан бері ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 3,8 пайызға артса, қайта өңдеу өнімдерінің көлемі мен ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестицияда да өсім бар. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Тұрсынұлы.

– Биыл облыс бойынша 189,4 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, агроэкономикалық талаптарға сай толық жинап алынды. Мұндағы негізгі дақыл күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрап, әр гектарынан 58 центнерден өнім алып, жарты миллион тоннаға жуық күріш жиналды. Сонымен қатар, күріштен басқа дәнді дақылдардан 18,5 мың тонна, майлы дақылдар 4,9 мың тонна, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен 352,7 мың тонна, мал азықтық дақылдары 367 мың тонна өнім өндірілді. Өңірдегі су тапшылығы жағдайын ескере келе күріштің көлемі 3,4 мың гектарға қысқартылып, есесіне мал азықтық және майлы, дәнді дақылдарды ұлғайттық. Өндірісте суды үнемдейтін технологияларды қолдануды қарқынды дамытудамыз. Су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі өткен жылмен салыстырғанда бірнеше есеге артып, 4 400 гектарға жеткізілді, – деді Талғат Тұрсынұлы.

Ел қамбасын мол астыққа кенелтіп, саланың өсіп-өркендеуіне аталған сала еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен ел қоржынын сары алтынға тоқтырып, үнемі үздік нәтижеге қол жеткізіп келеді. Мәселен, биыл жиналған 189,4 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары дәл осы қызметкерлердің

дамалсыз еңбегінің арқасы. Бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев сала кызметкерлерін мерекемен құттықтап, атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

– Агроөнеркәсіптік кешен – қоғам үшін өмірлік маңызы бар өнімдер өндіретін және орасан зор экономикалық әлеует шоғырланған кез келген өнімдерінен 352,7 мың тонна, мал азықтық дақылдары 367 мың тонна өнім өндірілді. Өңірдегі су тапшылығы жағдайын ескере келе күріштің көлемі 3,4 мың гектарға қысқартылып, есесіне мал азықтық және майлы, дәнді дақылдарды ұлғайттық. Өндірісте суды үнемдейтін технологияларды қолдануды қарқынды дамытудамыз. Су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі өткен жылмен салыстырғанда бірнеше есеге артып, 4 400 гектарға жеткізілді, – деді Талғат Тұрсынұлы.

Ел қамбасын мол астыққа кенелтіп, саланың өсіп-өркендеуіне аталған сала еңбеккерлерінің қосқан үлесі зор. Олар өздерінің қажырлы еңбегімен ел қоржынын сары алтынға тоқтырып, үнемі үздік нәтижеге қол жеткізіп келеді. Мәселен, биыл жиналған 189,4 мың гектар ауыл шаруашылығы дақылдары дәл осы қызметкерлердің

АРУ ЖАЙЫҚТАН - СҮЛУ СЫРҒА СӘЛЕМ

Өнер орталығында Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әнші-композитор Ғарифолла Құрманғалиевтің 115 жылдығына арналған Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптар оркестрінің «Ару Жайықтан - сұлу Сырға сәлем!» атты концерті өтті.

Кешке облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов, басқарма басшылары М.Қазбекова, А.Есжанов және зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Шара барысында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Асқарұлы сөз сөйлеп, өнер ұжымына облыс әкімінің құттықтауын жеткізді.

Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптар оркестрі ару Жайықтың сәлемін Сыр еліне Құрманғалиевтің «Серпер» күйімен жеткізді. Дина, Нұрғиса, Тұяқбердінің күйлері әртүрлі аспаптың көмегімен күмірлей

төгіліп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Концерт тізгінін дәулескер күйшісі, ділмәр шешен Дәулеткерей Құсайынов ұстап, оркестрге «Құрмет» орденінің иегері Еркін Нұрымбетов, Мәдениет саласының үздіктері Асылхан Қазиев, Жарас Сатыбалдиевтер дирижерлік етті. Оркестр әртістері Сыр жұртына ән-шауын арнады.

Шара соңында Батыс Қазақстан облысының Ғ.Құрманғалиев атындағы филармониясының әртістеріне аймақ басшысының ықылас гүлі табысталды.



ТАПСЫРМАЛАР ЖҮКТЕЛДІ

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістен кейін шаһар басшысы Нұржан Ахатов жылу беру маусымында өрт қауіпсіздігінің алдын алу бағытындағы шараларды күшейту бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Жалпы, жыл басынан бері 10 айда Қызылорда қаласының аумағында 135 өрт оқиғасы тіркелген. Былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 15 пайызға азайған. Өрттің шығу себептерінің басым бөлігі электр сымдарының қысқаша тұйықталуынан және ашық от салдарынан орын алған. Осы ретте, қала әкімі Нұржан

Сәбитұлы жеке сектордағы үйлерге жіті тексерулер жүргізіп, газ тұтынушыларға күнделікті түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыруды міндеттеді.

Сонымен қатар, ел Президентінің, Үкімет басшысының қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен жүзеге асырылып жатқан игілікті бастамаларды сапалы орындауды тапсырды.

КЕЗЕКТЕН ТЫС 29-СЕССИЯ

Өткен аптада қалалық мәслихаттың кезектен тыс 29-сессиясы өтті. Сессияға қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаяв төрағалық етті. Сессияның күн тәртібіне: «2024-2026 жылдарға арналған Қызылорда қаласына қарасты кент және ауылдық округтердің бюджеттерін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» мәселесі шығарылып, талқыланды. Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты қалалық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Г.Баймаханова хабарлама жасап, сауалдарға жауап берді.

Бюджет жобасына сәйкес кейбір ауылдық әкімшілік ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, ойын алаңдарын салу, көше атауы жазылған тақтайшаларын әзірлеу, аялдамалар салу, күрделі жол жөндеу жұмыстарының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу және сараптама қорытындысын алу және басқа да бағыттарға қаражат қаралды. Сессия отырысына қала әкімінің орынбасары Д. Тұрсынбаев, тиісті қалалық дербес бөлім басшылары мен кент және ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Сессия қарауына шығарылған мәселе жан-жақты қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

5 ЕЛДІ МЕКЕН ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСЫЛАДЫ

Қызылорда облысының газдандыру деңгейі 75 пайызды құрады. Бұл бағытта 24 жобаға республикалық және облыстық бюджеттен және «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан қаржы бөлінген.

Жыл басынан бері алты елді мекен газға қосылып, облыс бойынша газдандырылған елді мекендердің саны 41-ге артты. Жыл соңына дейін бес ауылдық елді мекенге табиғи газ беріліп, облыстың газбен қамту деңгейі 78 пайызға, газдандырылған елді мекендер саны 46-ға жеткізілетін болады, – деді Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Мелет Усаин.

Айта кетейік, келесі жылы Шижаға, Ақтан батыр, Дүр Онғар, Шаған, Н.Ильясов, Ортақшыл, Баймұрат, Талдыарал, Сабалақ ауылдарын табиғи газға қосу жоспарлануда.



ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ ЖАҢҒЫРТЫЛМАҚ

Жаңақорған ауданындағы 35 елді мекенге орталықтандырылған таза ауыз су жүйелері жүргізілген. Ал, электр желілерін жаңғырту мәселесін шешу мақсатында 10 жоба жүзеге асырылып, 9 елді мекеннің электр желілік жүйелері жаңғыртылмақ. Айта кету керек, аудан орталығы мен 19 елді мекеннің электр желілері толық жаңғыртудан өткен соң электр тарату жүйесінің тозу көрсеткіші 75 пайыздан 25 пайызға дейін төмендейтін болады. Жаңақорған ауданының әкімі Мәжит Самитов жыл басынан бері ауданда атқарылған жұмыстарды баяндады.



– Жыл басында Шалқия, Құттықожа, Кейдер ауылдарындағы газдандыру жұмыстары аяқталып, тұрғындарға қаржыландырылып, 145 жаңа жұмыс орны ашылғаны болады. – Тұрғындардың табиғи газға қол жеткізуіне қолдау беріп отырмыз. Жыл басынан бері жұмыс іздеуші ретінде жұмыспен қамту орталығына 3 050 адам хабарласса, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларымен 2 468 азамат көмекші жарықтандырылатын болады, – деді Мәжит Самитұлы.

Казіргі таңда Жаңақорған ауданында 6 711 шағын және орта кәсіпкерлік субъекті бар. Аудандағы кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұлттық жоба шеңберінде 82 жобаға

мемлекеттік грант берілген. Аудан әкімінің айтуынша, биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында биыл 101 жоба қаржыландырылып, 145 жаңа жұмыс орны ашылғаны болады. – Тұрғындардың табиғи газға қол жеткізуіне қолдау беріп отырмыз. Жыл басынан бері жұмыс іздеуші ретінде жұмыспен қамту орталығына 3 050 адам хабарласса, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау шараларымен 2 468 азамат көмекші жарықтандырылатын болады, – деді Мәжит Самитұлы.

Казіргі таңда Жаңақорған ауданында 6 711 шағын және орта кәсіпкерлік субъекті бар. Аудандағы кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұлттық жоба шеңберінде 82 жобаға

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



«Анаға тағзым» орталығында ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевтың қатысуымен мәдениет саласы өкілдерінің кездесуі өтті. Келелі жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауынан туындаған тапсырмалар мен міндеттердің өңірде жүзеге асуы және орындалу барысы кеңінен талқыланды.

Облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов «Руханият» жылы аясында аймақтың мәдениет саласында атқарылған жұмыстар мен игі бастамаларды тілге тиек етті. Мәселен, Сыр өңірінде алғаш рет құрылған симфониялық оркестр, мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған инклюзивті театр

жұмысы, барлық аудандарда жыл соңына дейін пайдалануға берілген «Руханият» орталықтары турасында мәлімет берді.

Облыс бойынша мәдениет саласының соңғы 3 жылдық бюджеті 70 млрд теңгені құрап, 2 есе артқан. Бұл туралы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова



баяндады. Сыр өнерпаздарының игілігіне бағытталған ілкімді істер мен тың жобаларға кенінен тоқталған басқарма басшысы «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығының тұжырымдамасы, сала қызметкерлерін қолдау, біліктіліктерін арттыру шараларын да атап өтті. Сондай-ақ, жиында «Анаға тағзым» орталығының басшысы Алтынай Молжанова мен Б.Қабылдулы атындағы Шиелі аудандық мәдени-шығармашылық орталығының директоры Зулфия Шалабаева сөз сөйлеп, мәдени нысандардың тыныс-тіршілігі, атқарылып жатқан жұмыстарымен хабарлар етті.

Қазақылықтың қаймағы

бұзылмаған өңірдегі жаңашылдықтар мен іргелі бастамаларға оң бағасын берген Мәлік Отарбаев Әділетті Қазақстанды құрудың басты тегітеріне тоқталып өтті. ҚР Президентінің кеңесшісі өскелең ұрпақты патриотизмге баулу, кез келген мәселеде елдік, ұлттық, мемлекеттік мүддені жеке мүддеден жоғары қою, қоғамдық және ішкі мәдениетті дамытып, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру нәтижесінде Әділетті Қазақстан орнайтынын қадап айтты. Жиын соңында саланың бірқатар қызметкеріне ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің арнайы марапаттары табысталды.

ЕҢБЕК АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Спорт жанашыры Асылхан Әбдірашитұлы еске алуға арналған қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы облыстық ашық турнир кім мықтыны анықтады. «Алпамыс батыр» атындағы дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенінде өткен турнирге аймақтың әр ауданынан 150-ге жуық жас балуан келіп, жүлде жолында барын салды.



Турнирдің ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов, облыстық белбеу күресі федерациясының президенті Мадияр Ахметов, Асылхан ағамыздың бауыры Ислам Шайыхов пен өзге де жақандар, спорт жанашырлары қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Алдымен спорт жанашырының қысқаша өмір тарихына тоқтала кетейік.

Асылхан Шайыхов 1960 жылы Жаңақорған кентінде дүниеге келген. Мектепті бітіре сала еңбекке араласып, қызмет жолында жүрді. Қызылорда қаласындағы политехникалық техникумын инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шығады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кәсіпкерлік салаға бет бұрып, сауда-саттықпен айналыса бастайды. Туған өлкеге өзге өңірлерден тауар тасымалдай отырып, ауданның ішкі нарығын реттейді. Алғашқылардың бірі болып 400 орындық «Айсұлу» мейрамханасын, үлкен наубайхана, сауда орталықтарын, спорт кешенін халық игілігіне пайдалануға берді.

Жаңа жұмыс орындарын ашып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлесін қосқаны жерлестеріне аян. Халық қалаулысы атанған уақытта да ауыл-аймақты көркейтуге қомақты үлес қосқаны ел жақсы біледі. Көп жылғы еңбегі ескеріліп, түрлі марапаттардың иесі атанып үлгерді. Спорт саласына бүйрегі бұрып, демеушілік көрсетіп, жас балуандарды қолдады.

«Жақсының аты өшпейді» демекші, артына өшпес із қалдырған ағамыздың жүріп өткен жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, жерлестеріне зор мақтаныш болып қала береді. Сонымен тұңғыш жалауға желбіреген турнир көркіні қыздырған балуандар барлық салмақ дәрежесінде тұғыр төрін табылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің грамоталарымен, демеушілердің тағайындаған медальдарымен және ақшалай сертификаттарымен марапатталды. Марапаттау рәсімінде аудан спортының басшылығы мен Әсілхан Әбдірашитұлының ет жақындары, бауырлары, достары мен жан-жары болып, жеңіс тұғырына қонған балуандарға құрмет көрсетті.

Жарыс жоғары деңгейде өтті. Бұйырса, келер жылы да ауқымы кеңейіп, жас балуандардың қатары артады деп сенеміз. Жалпы Сыр елінің қазақ күресі жылдан-жылға өңсе көтеріп келеді. Оның ішінде, біздің ауданнан да жас жеткіншектер өсіп келеді. Осындай тұғырлы турнирлердің нәтижесінде жастардың спорттық әлеуеті арта түседі, – деді білікті бапкер Әбдісаттар Саддықов.

Жаңақорғанда қазақ күресінен шоктығы биік жарыстар өткізілуде. Мұның барлығы қазақ күресінің көкжиегін кеңейтіп, жастарға үлкен қолдау болуда. №7 және №8 спорт мектебінде шокірттердің ертеңіне үлкен үмітпен қараймыз. Қазірдің өзінде балуандарды қолдады.

«Жақсының аты өшпейді» демекші, артына өшпес із қалдырған ағамыздың жүріп өткен жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, жерлестеріне зор мақтаныш болып қала береді.



ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ДАРАБОЗДАР

Арал ауданында Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдығына орай «Ғасырлар толқынының дарабоздары» атты республикалық шаралар өтті.

Шаралар легі Ә.Нұрпейісов атындағы әдебиет үйінде «Әлем таныған Әбе» атты салтанатты ашылу рәсімінен бастау алды. Онда облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов сөз сөйлеп, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының арнайы лебізін жеткізді.

– Саналы ғұмырының соңына дейін қағаз бен қаламды серік етіп, артына мол рухани мұра қалдырған Қазақстанның Енек Ері, Қазақстанның Халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына биыл 100 жыл толды. Абыз жазушы қасиетті Сыр өңірінде дүниеге келіп, бүкіл ғұмырын ұлтымыздың рухани кемелденуіне арнады. Ұлт перзентін ұлықтау – елдіктің белгісі. Халық жазушысының құрметіне арналған мереке бүгінмен шектеліп қалмайды. Алашқа ортақ аңыз тұлғаның айтулы мерейтойына арналған шаралар желтоқсан айында жалғасын табады. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңында мол мұра қалдырған Әбдіжәміл Нұрпейісовтің жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмайды, – деді Ш.Байманов.

Екі күндік шара барысында Ә.Нұрпейісовті еске алуға арналған қазақ күресінен республикалық турнир, «Қалам ұшындағы ғалам» атты халық-

аралық суретшілер симпозиумы, Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығына арналған республикалық ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібаев, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты С.Қосанов, журналист, филология ғылымдарының кандидаты Н.Көбегенұлы, тарихшы-өлкетанушы Б.Қуатов, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, облыстық аудандық мәслихат депутаттары және ғылыми-конференция контактары қатысты.

Қазақ күресінен республикалық турнирде Қызылорда, Ақтөбе және Түркістан облыстарынан келген 70-ке жуық палуан 6 салмақ бойынша және түйе палуандар күш сынасты. Кешке Арал қаласының орталық алаңында «Ғасырлар толқынының дарабоздары» атты эстрада жұлдыздарының гала-концерті өтті. Концертте халықаралық суретшілер симпозиумының қатысушылары мен «Теңіз текті тұлға» атты жазушы-журналистер арасындағы республикалық байқау жүлдегерлері марапатталды.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАДАН ЖАРЫС ӨТТІ

Жыл сайын қызылордалықтардың белсенді және салауатты өмір салтын ұстануға мүмкіндіктері артауда. Облыста бұқаралық спорттық іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді, оның бірі: «Спорт есірткіге қарсы!» ұранымен Қызылорда облысының ІІД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының ұйымдастырылды. Полицейлер көркем гимнастикадан жарыс өткізді.

Көркем гимнастика ең көрікті және әсем спорт түрлерінің бірі ретінде танылған. Гимнастар көрермендерге сымбатты фигуралық таңғажайып созылуды, қозғалыстардың дәл үйлестіруін және керемет икемділігін бейнелеп, әдемі өнер көрсетеді. Дегенмен, спортшылардың қимыл-қозғалысының жеңілдігіне қарап, гимнастардың күнделікті денелері мен физикалық денсаулығына орасан зор жұмыс жасайтыны туралы көпшілік білмейді. Бұл спортшылардың өздері мен бапкерлерінің ерен еңбегі.

Көркем гимнастикадан өткен жарыста жаңадан бастаған спортшылардан тәжірибелі спорт шеберлеріне дейін әр түрлі жастағы спортшылар өнер көрсетті. Олар жеке және топтық жаттығуларда жарысып, құрсаумен, доппен және сойылмен жаттығулар көрсетті. Жарыс барысында қыздардың шеберліктерін қазылар орындау, жаттығудың қиындығы және әртістік сияқты аспектілері бойынша бағаланды.

Жарыс қорытындысы бойынша: спорт шеберлері, спорт шеберлігіне үміткерлер және 2013 жылы туған гимнастшылар топтары үздік деп танылды. Байқаудың мақсаты – балаларда, жасөспірімдерде және жастарда психоактивті заттардың таралуы мен қолданылуына теріс көзқарасты қалыптастыру, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру дағдыларын, өз денсаулығына құндылық қозғарсын, есірткіге деген немқұрайлылығын қалыптастыру.

Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

КӨРМЕ ӨТТІ

Көрмеге 40-тан астам кәсіпкер қатысып, өнімдерін халыққа ұсынды. Шараны «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы ұйымның құрылғанына 10 жыл толуына орай ұйымдастырды. Өңірлік орталықтан қаржы алып, кәсіпін ашқан кәсіпкерлер көрмеге тауарларын қойып, бақ сынады. Облыстық көрмеге облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Бекболат Шәріпбеков, өзге де салаға қатысты мемлекеттік орган өкілдері мен қаржы институттарының басшылары, кәсіпкерлер қатысты.

Өңірлік көрмеде кәсіпкерлердің тауарлары:

- Азық-түлік өнімдері өндірісі;
- Құрылыс материалдары;
- Желі өнеркәсібі;
- -Тұрмыстық химия өнімдерін және қайта өңдеу өнеркәсібін өндіру бағыттары бойынша бағаланды. Арнайы құрылған комиссия мүшелері жеңімпаздарды анықтады.
- «Азық-түлік өнімдері өндірісі» бағыты бойынша:
- I орынға тосап өндірісімен айналысатын ЖК «Барлыбаев»

(Шиелі ауданы);
• II орынға жүтері шырының шығаратын ЖК «Тәуекел» (Жаңақорған ауданы);
• III орынға бал өнімдерін ұсынушы ЖК «Жания» (Сырдария ауданы) ие болды.

«Құрылыс материалдары» бағыты бойынша:

- I орынға шыны пластик құбырларын шығаратын «Завод композитных труб» ЖШС (Қызылорда қаласы);
- II орынға құрылысқа қажет желім шығарушы «ВЕГА-Пром» ЖШС (Қызылорда қаласы);
- III орынға құрғақ қоспалар шығаратын ЖК «Айдан» (Шиелі ауданы) ие болды.

«Желі өнеркәсібі» бағыты бойынша:

- I орынға тігін және ағаштан бұйымдар жасашы ЖК «Айқын» (Сырдария ауданы);
- II орынға тігінмен айналысушы ЖК «Анеля» (Шиелі ауданы);
- III орынға қолғап шығаратын ЖК «Гүлзира» (Сырдария ауданы) ие болды.
- Тұрмыстық химия өнімдерін және қайта өңдеу өнеркәсібін өндіру» бағыты бойынша:

• I орынға кір жуғыш ұнтақ пен сабын шығаратын ДК «Әділет» (Қызылорда қаласы);

• II орынға ағаш бұйымдарын шығаратын ЖК «Нұртор» (Қызылорда қаласы);

• III орынға ұлттық аспаптар жасайтын «Жетіген саз аспаптары» ЖШС (Қызылорда қаласы) ие болды.

Жеңімпаздарды облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев арнайы дипломдармен марапаттады. Ал «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығының директоры Талғат Матаевқа облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау хатын тапсырды. Сонымен бірге, Өңірлік инвестициялық орталықты құруға, қалыптастыруға қосқан үлесі үшін бірқатар азаматтарды алғыс хатпен:

- Махамбетов Асқар Аралбайұлы;
- Наурызбаева Жұмағұл Ысқаққызы;
- Сыздық Пірмұхаммед Айтбайұлы;
- Тасқараев Мұрат Ибрагимұлы;
- Ерниязов Самат Нұрахметұлы;
- Досмаханов Руслан

Аманайұлы марапатталды. Көрмеге белсенді қатысқан кәсіпкерлерге Өңірлік орталық директоры Талғат Матаев алғыс хат табыстады. Айтпа кету керек, «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы 2014 жылдың 23 қыркүйегінде облыс әкімінің қаулысы негізінде ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті өркендету мақсатында құрылып, аймақтың кәсіпкерлік әлеуетін дамыту, шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау бағытында тиімді жұмыс жасап келеді.

Орталық 10 жылдың ішінде жалпы құны 14,9 млрд теңгені құрайтын 2752 жобаны қаржыландырып, нәтижесінде облыста 3000 жаңа жұмыс орнының ашылуына жағдай жасады. Сондай-ақ, биыл облыс әкімі Өңірлік орталыққа жаңа пилот жобаны жүзеге асыруды жүктеді. Бюджеттен 1,5 млрд теңге қаржы бөліп, басымдықты өндіріске беруді тапсырды. Бүгінде жобалар қаржыландырылуда.

«Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығының баспасөз қызметі



АШЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ

Қала әкімінің жұлдесіне арналған стритболдан ашық турнирдің ашылу рәсімі өтті. Ушінші мәрте байрағын көтеріп, дәстүрлі сипат алған дүбірлі доғаның ашылуында қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Қайрат Есенгелдиев жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі. Турнирге Шымкент, Тараз қалалары, Алматы, Түркістан облыстарынан және аймағымыздың аудандарынан барлығы 25 команда, 100-ден аса спортшы қатысуда. Турнир жеңімпаздарына қаржылай сыйақылар табысталады.

БӨЛЕК БАБА



Қазақ халқының өткен тарихы хатталып, кітапқа жазылып түспесе де, ел аузында ауызша шежіре, аңыз боп, кейінгі ұрпаққа жеткен. Соның ішінде заманында елдің арқа тұтар арысы боп алыстан келген жаумен арпалысқан, ел ішіндегі дау-шарды әділдікпен шешкен от тілді, орақ ауызды дараларымыздың есімі үлкенді-кішілі ру аттарын иеленіп, бүкіл қазақ халқының, Алаш жұртының бірлігін құраған. Сондай үлкен жұрт Жақайым тайпасының Бердіғұлдың Ігілігінен тарайтын Бөлек аталығы. Бөлек бабаның шын аты Майлыбай екен. Ол Ігіліктің арыстандай бес ұлының ең кенжесі. Ел аузында мынандай бір аңыз

бар. Бірде ағалары Құттыбай, Қойлыбай, Тағтыбай, Жақсылық ауылдан шалғай жатқан ауылға асқа кетіп, бозбала Майлыбай кіші болғандықтан да, малға бас-көз болып қалады. Елдің бабадүрлерінің асқа кеткендігінен хабарлар болған бар-ымташылар тұн жамылып келіп, осы ауылдың жайылып жатқан жылқысын айдап ала жөнеледі. Құлағына бұл хабар тиген Майлыбай ізіне ерген бес жігітпен барымташыларды бастырмағалата қуып жетіп, шетінен баудай қып түсіріп бүкіл жылқысын қайтарып әкелген екен.

Талай сойқанды көрген қандықол барымташылардың барымталған жылқысынан қалай айырылып қалғанын сұрағанда

олардың басшысы: «Артымыздан кара шаң көрінді. Сөйтіп тосқауыл жасағымыз келіп-ақ еді, олардың алдында екі көзі шоқтай жанып, еңселі біреу келе жатыр екен. Қорыққанымыздан қалай қарсылық көрсетерімізді білмей сасып, айтқасқа түсер-түспестен-ақ берілуге мәжбүр болдық» депті. Ауыл ақсақалдары Майлыбайдың тайсалмай шапқан бұл ерлігіне тамсанып: «Баланың батырлығы, қайсарлығы, өжеттілігі сіре бөлек екен!» десіпті. Сол себепті де оны ел-жұрт бұдан былай «Бөлек» атап кетіпті.

Бөлек бабаның сол бір аласапыранды, жан-жақтан жау қыспақтаған заманда бүкіл өмірі арпалыспен өткен. XVIII ғасырдағы қазақ халқының басындағы ауыр кезеңде ел-жұртына пана болған Бөлек бабаның туған, өлген жылдары белгісіз. Қай жерде жерленгені де белгісіз.

Ігілік баласы Бөлек бабаның ұрпақтары баба атын ескерусіз қалдырмай, қайта жаңғыртып, №88 Тасбөгет теміржол бекетінің маңындағы биік төбеге Бөлек бабаға арнап ел көзіне түсер еңселі кесене тұрғызды. Ескерткіш-белгінің биіктігі 6 метр, аумағы 4 шаршы метр етіп сары-қызыл кірпіштен қаланып, бес бұрышты пішінмен өрілген. Бұл бес бұрыш Ігілік руының тумалас бес аталығын көрсетеді.

Өткен тарихта есімін қалдырған арыстарымыздың қатарында ел жадында, ру аталығы атында өшпей келе жатқан Бөлек бабаның кесенесі Орынбор-Ташкент теміржол мен Батыс Еуропа-Қытай автотрассасының аралығындағы биік төбеді ұрпағына тура жоғ көрсетіп тұрғандай белгі болып отыр.

Е. ЗЕЙНЕТҰЛЫ,
Арал қаласы

МӘМС ТУРАЛЫ ОҚЫРМАН СҰРАҚТАРЫ



QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

МӘМС жүйесі туралы тұрғындардың өзекті сұрақтарына жауап беруді жалғастырамыз. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова түсініктеме берді.

-Мен МӘМС жарналарын мемлекет төлейтін азаматтардың жеңілдетілген санатынамын, бірақ жүзіме мәртебе берілмеген. Неліктен?

-Жеңілдік мәртебесі азаматтарды тиісті реестрлер мен базаларға енгізу негізінде беріледі. Мұндай жағдайда студенттер өздерінің оқу орнының деканатына жүгінуі тиіс, ал әйелдер жүктілігі бойынша есепке тұруы керек. ал жүкті әйелдер жүкті және

фертильді жастағы әйелдер тізіміне қосылуы керек. Егер пациенттің деректері тиісті базаларда болмаса және Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен мәлімет алмаса, онда олар жеңілдік санатына кіре алмайды. Мұндай жағдайда студенттер өздерінің оқу орнының деканатына жүгінуі тиіс, ал әйелдер жүктілігі бойынша есепке тұруы керек.

-Дәрігер «сақтандырылған»

мәртебесін алуды ұсынды және бұл үшін 2020 жылдан бастап МӘМС жарналарын төлеу қажет деп айтты. Солай ма?

-Сақтандырылған мәртебесін алу үшін алдағы 12 айға немесе тұрақты төлем жасамаған болсаңыз, соңғы бір жылдағы берешек айларға төлем жасап шығу керек.

Айта кету керек, егер МӘМС жарналарын бұрын-соңды төлемеген болсаңыз, өткен жылғы қарызды төлеу-үнізге болады. Оның орнына, ағымдағы айды қоса алғанда, алдағы 12 айға жарналарды төлеген абзал. Мәртебе 3 жұмыс күні ішінде беріледі.

-Тексерілуге және бойінді маманның кеңесіне жолдама берілді, бірақ жақын арада ол жерге жазылу мүмкін емес. Нәтижесінде күте тұруыңызды сұрайды.

-Емханада жоспарлы медициналық көмекті екі апта ішінде ұсына алмаса, пациентті қажетті консультациялық-диагностикалық көмек алу үшін бірлесіп орындау шарты бойынша жұмыс істейтін басқа медициналық ұйымға жолдамамен жіберуі тиіс.

Егер дәрігер жолдама беруден бас тартса, Пациенттерді қолдау қызметіне немесе бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарына жүгіну керек. Мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса Медициналық сақтандыру қорының ресми кері байланыс арналары Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, 1414 бірінші байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы немесе fms.kz сайтында өтініш қалдыра аласыз.

БҰРЫНҒЫ БИЛЕР СОТЫ БҮГІНГІ МЕДИАЦИЯ

Медиация – тараптар даулы мәселелерді өзара келісіп шешетін шара. Ортақ шешімге келуге судья емес, «Медиатор» деген маман көмектеседі. Келісімге келсе, тараптар өзара жазбаша келісім шартын жасасады.

«Даулы ауыл көршілес» деген сөз бар ел арасында Сондықтан болар, қазақ ауылдарында ақсақалдар алқасы, билер, ру ағалары екі ауыл арасындағы немесе екі адам арасындағы дауларды шешіп отыратын ауыл ұйымдары болған. Бүгінгі заманауи тілмен айтқанда, оларды «Медиаторлар» дейміз.

Медиация ерекшелігі: адамдардың позициясына емес, жеке мүдделеріне назар аударады. Қатысушылар медиация барысында өз бетінше анықтайды, ал медиатор оларды бақылайды. Тараптар арасындағы қарым-қатынасқа назар аударылады. Негізгі міндеті екі жақтың бір-бірін тыңдауы, бұл қатысушыларға өзара түсіністікке келуге көмектеседі. Қатысушылар болып жатқан жайтқа өз көзқарастарын білдіреді, бірте-бірте келісімге келеді. Отбасылық жанжалдарды шешуге, қиындықтарды жеңуге және балалармен қарым – қатынасты сақтауға – отбасына бағытталған медиация деген тағы бар. Жалпы медиатордың міндеті – татуластыру емес, тараптардың өздерінің татуласуына алып келетіндей жағдай жасау.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды. Бұл сыбайлас

жемқорлықтың алдын алуға, дауласушы тараптардың дау бойынша жүгінетін тұлғаны өз еріктерімен таңдауына және даудың тез шешілуіне мүмкіндік береді. Дау бойынша сотқа жүгіну немесе медиация тәсіліне жүгіну құқығын пайдалану әр адамның өз еркі.

Қазақстанда кез келген адамның медиацияға жүгінуге құқы бар. Бірақ бұл медиация арқылы кез келген дауды шешуге болады деген сөз емес. Медиация тек еңбектегі, отбасындағы және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешуге, онша ауыр емес, орташа ауыр және кейбір жағдайда ауыр қылмыстық істі шеше алады. Алайда қылмыстық істі медиацияның көмегімен шешу үшін алдымен сотқа бару керектігін ұмытпаған жөн.

Медиация – бітімгершілікке бастайтын, дауларды сотқа дейін шешуге ықпал ететін айрықша қызмет. Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесінде медиация қызметі қазақ даласындағы дана қариялар мен билер дәстүрінің жалғасы ретінде қалыптасқан, әр уақытта да сабырлы болуға және ел бірлігін сақтауға үндейтін бабалар ғұрпы әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ деуге толық негіз бар.

Р.БИСЕНОВА,
Қармақшы аудандық соты әкімшісінің бас маманы

АЛАШТЫҢ АЙБОЗ ҰЛЫ

12 қараша күні облыстық кітапханада даңқты спортшы, таэквондодан 6 дүркін әлем чемпионы, Қазақстанда таэквондо федерациясының негізін қалаушы Мұстафа Өзтүріктің 70 жылдығына орай «Алаштың айбоз ұлы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты - Қазақстан таэквондосының тұғырын биікке көтерген аңыз спортшының өмірі мен еңбек жолымен таныстыру, есімін ұлықтау, жастардың бойында отансүйгіш қасиеттерді ояту, спортқа баулу. Көрмеге спорттың сайыпқыран саңлағы туралы кітаптар, мерзімдік басылым беттерін жарияланған мақалалар қойылды.



«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26-39-64 сенім телефоны жұмыс жасайды.



Шиеліде өтетін мәдени шараларға Әділбек Тәшімовтың күйін аңсап арнайы келетін тыңдарманды, бір күйге құлағының құрышы қанбай, «жүп болсын, жүп болсын» деп шуласқан халықты жиі көреміз. Иә, табиғаттың үнін, тұлпардың дүбірін, адамның сырын шанағынан төгілген домбыраның құлағында ойнайтын, қос аспапты қатар шертіп, ел ықыласына бөленіп жүрген күйші Әділбек Тәшімовтың есімі аудан халқына етене таныс.

ШИЕЛІДЕ КҮЙ ҚҰРМЕТІНЕ ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Ол бүгінде Б.Қабылұлы атындағы аудандық мәдени-шығармашылық орталығы жанындағы «Ұлт аспаптар» Шиелі халық оркестрінің жетекшісі, ҚР Мәдениет саласының үздігі. Төл аспапты жанына серік еткен азаматты аудан жұрты «Сыр қаршығасы» деп те атап кеткен. Оның жуырда ғана жарыққа шықса да талайды тамсантаып үлгерген «Шиелі толғауы» атты авторлық күйі бүгінде еліміздің біраз жерін шарлап кетті. Қазіргі тілмен айтсақ, әлеуметтік желілердің «китіне» айналды. Қара домбыраның шанағынан төгілген тәтті күйге тәнті болғандар көп. Жұырда күйшінің осы туындысына арнап Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы орталық стадионда ескерткіш орнатылды. Бұл туындыңыз қалай дүниеге келді деген сауалымызға автор:

– Жалпы, махаббаттың түрі көп қой. Ол әкеге, анаға немесе Отанға деген махаббат болуы мүмкін. «Шиелі толғауы» елге деген махаббатты көрсетеді. «Өркімге өз туған жері – мысыр шаһары» деген сөз бар. Адамның өмірге іңкәрлігі де туып-өскен топырағына деген

ыстық сезімнен пайда болады. Сол арқылы тамырына қан жүгіреді. Күйдің тақырыбы да сондай махаббатпен «Шиелі» деп қойдым. Өнерді құрметтеп, ескерткіштің салынуына қолдау білдірген аудан әкімі Айбай Насридінұлына, ардагерлер кеңесінің төрағасы Өркен Исмаилға алғысым шексіз, – деп жауап берді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Тараз қаласында Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сұлы» күйіне арнап ескерткіш ашылған еді. Аудан ардагерлері Әділбек Тәшімовтың «Шиелісі» тыңдаған сәтте-ақ «пах, шіркін!» бұл да бір ескерткішке сұранып тұрған дүние екен» дескен-ді. Осылайша ақсақалдар бастап, аудан басшысы қолдап күй құрметіне арнап ескерткіш қойылды.

Бұйырса «Шиелі толғауы» тек Шиеліде емес, күллі қазақ елінің аспанында күмбірлеп тұратын күн алыс емес. Олай дейтініміз, жуырда ғана талдықорғандық оркестр үлкен концертте орындау үшін «Шиелі толғауының» нотасын сұраған көрінеді.

Г. ЯХИЯ

2024 жылғы IV тоқсанда Еңбек ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Балханов Бақытберген Мархабаевич	Еңбек ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы	Сәрсенбі сағ. 10.00-12.00ге дейін	Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі, №4	33-1-22

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақшыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Көримов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPU00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетінде жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Тарапымды 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №255

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/